ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

«ЖАМБЫЛ-ТАРАЗ» ГАЗЕТІНІҢ
РЕДАКЦИЯСЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«РЕДАКЦИЯ ГАЗЕТЫ «ЖАМБЫЛ-ТАРАЗ»

080000, Тараз қаласы
Сүлейменов көшесі, 7 «А»
тел/факс: 8/7262/45-62-65, 43-50-34
E-mail: jambyltaraz1996@gmail.com

080000, город Тараз
улица Сулейманова 7 «А»
тел/факс: 8/7262/45-62-65, 43-50-34
E-mail: jambyltaraz1996@gmail.com

№ 0112/170
21.10.2026 жыл

Председателю Жамбылской областной территориальной комиссии С. Айдапкелову

Председателю Таразской городской территориальной комиссии У. Байдуанову

В соответствии с пунктом 3 статьи 28 Конституционного закона " О выборах в Республике Казахстан", ТОО «Редакция газеты «Жамбыл-Тараз» доводит до Вашего сведения что, Информационное сообщение о предоставлении печатных -площадей для размещения предвыборных агитационных материалов кандидатов:

- **в депутаты, участвующим в выборах, назначенных на 29 ноября 2026 года областного, городского, районного маслихатов.**

представлена в номере № 83 от 21.10.2026 г. в газете " **Jambyl-Taraz**" .
Тираж : 11 048 экз.

Выход: 2 раза в неделю

Формат: D2

Просим Вас зарегистрировать данное печатное СМИ на сайте ТИК.

Газета прилагается.

ТОО Редакция Газеты "Жамбыл-Тараз" ЖШС

Генеральный директор: **А Тлеукеева**

КӨГІЛДІР ОТЫН ҚАУІП ТӨНДІРМЕС ҮШІН...

3

ОТБАСЫ ТАТУЛЫҒЫ – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ

6

JAMBYL TARAZ

№83 (2099) 21 қазан 2026 жыл, сәрсенбі | Қоғамдық-саяси газеті | 1996 жылдың 16 ақпанынан бастап шығады

▶ ҚАДАҒА

ҚАЛА КЕЛБЕТІ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Шаһар басшысы Бақытжан Орынбеков бірқатар нысанды аралады

Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков шаһардағы бірқатар нысанды аралады. Ең әуелі қала әкімі Республика күніне орай «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында «Қызылабад» алабында өткен ағаш отырғызу рәсіміне қатысты.

Құрмаш
ҚАПТАҒАЙ

Бүгінде Жібек жолы ауданында өңірдің экономикалық әлеуетін арттырумен қатар, тарихи дәстүрді жаңғыртуға бағытталған «Жібек жібін өндіру» жобасы қолға алынған. Аталған бастаманы қолдаған қала әкімі Бақытжан Әмірбекұлы «Қызылабад» тұрғын алабына 10 мың түп тұт ағашын отырғызу жөнінде тапсырма берген болатын. Осы мақсатпен белгіленген аумаққа 2 мың түп тұт ағашы егілді.

Бұл тұрғыда дәл тұт ағашының таңдалуы тегін емес. Себебі ол – жібек өндірісінің негізгі шикізаты саналатын жібек құртының қорегі. Осылайша ағаш отырғызу жұмыстары экологиялық ахуалды жақсартумен қатар, алдағы уақытта жергілікті өндірісті дамытуға да негіз болмақ.

Жалпы, Тараз қаласында жасыл желек көлемін ұлғайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, «Жасыл белдеу» бағдарламасы аясында 2022-2025 жылдары шаһар аумағында 65 мың түп ағаш отырғызылды. Ал ағымдағы жылы «Қызылабад» алабына 10 мың түп түрлі ағаш көшеті егілді. Күзгі маусымда тағы 10 мың түп ағаш отырғызу жоспарланған.

Бұдан кейін қала әкімі «Ұлы дала» шағынауданына аялдап, сенбілік жұмыстары жүргізілген аумақтарды аралады. Шаһар басшысы сенбілік барысында тазалықты сақтау тек коммуналдық мекемелердің ғана міндеті емес, әрбір тұрғынның азаматтық жауапкершілігі екенін жеткізді.

– Қала тазалығына атсалысу – баршамызға ортақ іс. Әрбір тұрғын тазалықты өз ауласынан бастауы керек. Сонда қаламыз да көркейе түседі. Өкінішке қарай, кейбір тұрғындардың арасында әлі де тазалық мәдениеті қалыптаспай отыр. Сондықтан аудан әкімдері мен округ инспекторлары осы бағыттағы түсіндіру жұмыстарын күшейтуі қажет, – деген Бақытжан Әмірбекұлы жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, тазалық шарасына 1 мыңға жуық адам қатысып, 14 арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде аумақтан шамамен 2 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды.

2

Көне шаһардың шалшығағына – 30 жыл

▶ МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ

Республика күніне орай Тараз қаласында 17-27 қазан аралығында «Republic Day» және «Bereke Fest» республикалық акциялары өтуде. Науқан аясында тұтынушыларға азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың кең таңдауы тиімді бағамен ұсынылады.

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ – СҰРАНЫС, ТҰТЫНУШЫҒА – ТИІМДІ БАҒА

Мерекелік жеңілдіктердің негізгі кезеңі 21-27 қазан аралығына жоспарланған. Осы күндері сауда орындарында арнайы бағалық ұсыныстар мен түрлі жеңілдіктер қарастырылған. Бұл тұрғындарға қажетті тауарларды тиімді бағамен сатып алуға мүмкіндік береді.

Жалпыреспубликалық науқанды Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі мен жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыруда. Акциялардың басты мақсаты – ұлттық мереке қарсаңында халық үшін қажетті тауарлардың қолжетімділігін арттыру, тұтынушылық сұранысты қолдау және ішкі сауданы дамытуға серпін беру. Сонымен қатар отандық өндірушілердің өнімдерін өткізу мүмкіндіктерін кеңейтуге ерекше назар аударылады.

Тараз қаласының әкімдігі

▶ МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

5

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ КЕҢІСТІГІ КЕҢЕЮДЕ

▶ ҚОҒАМ МЕН ҚҰҚЫҚ

ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТҮЙТКІЛ

Отбасының әлеуметтік әл-ауқат деңгейін анықтау қалай жүргізіледі?

(сурет ЖИ көмегімен жасалған)

4

▶ ТАЛАП ПЕН ТӘРТІП

АБАТТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БАҚЫЛАУДА

2026 жылғы 1 шілдеден бастап елімізде қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыруға қатысты жаңа үлгілік қағидалар қолданысқа енгізілді. Құжатта тұрғындардан бастап, кәсіпкерлер мен құрылыс жұмыстарын жүргізетін мердігер ұйымдарға дейінгі барлық тараптың міндеттері айқындалған. Әулиеата ауданында да жаңа талаптардың орындалуы жіті назарға алынып, санитарлық тазалық пен абаттандыру ережелерін бұзу деректері бойынша тиісті шаралар қабылдануда.

Қаланың көркі, ең алдымен, оның тазалығынан, көшелерінің ұқыптылығынан, тұрғындар мен кәсіпкерлердің ортақ кеңістікке деген жауапкершілігінен көрінеді. Алайда қоғамдық орындарды таза ұстау – әрбір тұрғынның, кәсіпкердің және қала аумағында қызмет атқаратын ұйымның ортақ міндеті.

Осы бағыттағы талаптарды нақтылау мақсатымен Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 3 маусымдағы №282 бұйрығымен «Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың үлгілік қағидаларының» жаңа редакциясы қабылданып, 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

– Жаңа талаптар елді мекендерде санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге, қоғамдық кеңістіктерді күтіп ұстауға, жасыл желектерді қорғауға және абаттандыру нысандарының сақталуына бағытталған. Құжатта жеке тұрғын үй иелерінің міндеттері, іргелес аумақтарды таза ұстау, құрылыс алаңдарын ретке келтіру және қоршаған ортаға зиян келтірмеу мәселелеріне ерекше мән берілген. Атап айтқанда, жеке тұрғын үй иелері өздеріне тиесілі аумақты және белгіленген талаптарға сәйкес іргелес жерлерді таза ұстауға міндетті. Ортақ пайдаланылатын орындарға қоқыс тастауға, абаттандыру нысандарын бұлдіруге және көгалдарға көлік қоюға жол берілмейді. Қоқыс тастаған тұлға оны өз есебінен жинап, қажет болған жағдайда бүлінген нысанды қалпына келтіруге тиіс.

Бұл талаптар кәсіпкерлік нысандарға да қатысты. Сауда орындары мен қызмет көрсету нысандарының айналасына пайдаланылған заттарды, құрылыс материалдарын немесе басқа да қалдықтарды ретсіз жинап қою қоғамдық кеңістіктің тазалығына кері әсер етеді. Сондықтан кәсіпкерлер өз нысандарының айналасын таза ұстап, белгіленген абаттандыру қағидаларын сақтауы қажет.

Құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігер ұйымдарға да бірқатар талап қойылады. Жұмыс алаңдары қоршалып, таза ұсталуы, құрылыс материалдары мен қалдықтары белгіленген тәртіппен орналастырылуы керек. Жұмыс барысында жол жабынына, арық жүйелеріне және өзге де абаттандыру элементтеріне зиян келтіруге жол берілмеуге тиіс.

Осыған дейін Әулиеата ауданында тұрғындар мен кәсіпкерлік нысан иелері арасында жаңа қағида талаптарын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қазіргі уақытта талаптардың орындалуын бақылау күшейтіліп, аудан аумағында анықталған заңбұзушылықтар бойынша тиісті шаралар қабылдануда, – дейді №5 округтік бөлініс бойынша аудан әкімінің бас инспекторы Сағындық Үсіпбеков.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексіне 729-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, 505-бабымен әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға жергілікті атқарушы органдарға да құқығы берілді. Осыған орай аудан әкімдігі аумақтық инспекторларға арнайы планшеттер алып берген.

Бас инспекторлар да абаттандыру қағидаларын бұзған тұлғаларға ескертулер беруде. Атап айтқанда, аудан аумағын округ инспекторларымен бірлесіп зерделеу барысында «Мыңбұлақ» шағынауданындағы №31 үйдің ауласында заңсыз сауда жасау фактісі анықталған. Осыған байланысты жеке тұлғаға Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексінің 204-бабы бойынша 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салыныпты.

Сондай-ақ Ы.Сүлейменов көшесі, №85 және Е.Ниетқалиев көшесі, №102/1 мекенжайларында желімдеу-вулканизация нысанының айналасына пайдаланылған автокөлік дөңгелектерінің көше бойына жиналғаны анықталған. Аталған деректер бойынша жауапты тұлғаларға ескерту берілген. Бұдан бөлек, Б.Римова көшесі, №18 мекенжайында абаттандыру қағидаларын бұзу, арық жүйесін бүлдіру және асфальт бетін лайлау фактілері тіркелген. Осыған байланысты тиісті ескерту жасалды.

Абай даңғылы бойында абаттандыру жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер мекемеге де аумақта санитарлық тазалық талаптарын сақтамағаны үшін ескерту берілді. Аталған жағдайлар абаттандыру қағидаларының сақталуын тұрақты бақылаудың маңызын көрсетеді.

Арайлым ШАБДЕНОВА

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ҚАЛА КЕЛБЕТІ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Шаһар басшысы Бақытжан Орынбеков бірқатар нысанды аралады

Келесі кезекте Бақытжан Әмірбекұлы Абай даңғылындағы теміржол үстінен өтетін көпір құрылысының барысымен танысты. Шаһар аумағының кеңеюі, халық санының артуы және көлік құралдары ағымының көбеюі жол инфрақұрылымын дамытуға, көлік қатынасын тиімді ұйымдастыруға деген қажеттілікті арттырып отыр. Осыған байланысты шаһардағы көлік қозғалысын оңтайландыру, негізгі көшелердегі кептеліс пен жол жүктемесін азайту бағытында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі – Абай даңғылы бойындағы теміржол үстінен өтетін жол өткелі мен жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысы. Қазіргі таңда нысанда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Бұл жоба – шаһардың көлік инфрақұрылымын жаңғыртудағы маңызды бастамалардың бірі. Көпір пайдалануға берілгеннен кейін Абай даңғылы арқылы қатынайтын автокөліктердің қозғалысы жеңілдеп, теміржол өткеліне байланысты туындайтын көлік кідірістерінің алдын алуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар қаланың әр бөлігін байланыстыратын көлік қатынасы жақсарып, тұрғындардың діттеген жеріне кедергісіз әрі қауіпсіз жетуіне жағдай жасалады. Жоба аясында қарастырылған жаяу жүргіншілер өткелі де азаматтардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Құрылыс барысын көрген шаһар басшысы көпірдің қала үшін стратегиялық маңызына тоқталды. Сондай-ақ Бақытжан Әмірбекұлы құрылыс жұмыстарының сапасы мен белгіленген мерзімде аяқталуына баса назар аудару қажеттігін атап өтті. Әсіресе құрылыс барысында қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуын, жұмыс қарқынының бәсеңдемеуін және тұрғындардың күнделікті тіршілігіне барынша қолайлы жағдай жасалуын тапсырды.

ТОО «Редакция газеты «Жамбыл-Тараз» – собственник газеты «Jambyl-Taraz» (далее – Газета) – информирует о предоставлении печатных площадей для размещения предвыборных агитационных материалов кандидатов в депутаты, участвующим в выборах, назначенных на 29 ноября 2026 года, областного, городского, районного маслихатов.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Об условиях предоставления печатных площадей для размещения материалов предвыборной агитации

Общие условия и порядок предоставления Газетой газетных площадей:

Газета предоставляет печатные площади для размещения агитационных и информационных печатных материалов. Предоставление печатных площадей Газеты осуществляется на основании заключенного с собственником письменного договора о предоставлении кандидату в депутаты печатной площади для размещения печатных агитационных и информационных материалов. Форма договора и сопутствующих ему документов предоставляется при подаче нижеприведенного письменного обращения.

Подписание кандидатом/доверенным лицом договора с Газетой о предоставлении печатных площадей является согласием кандидата/доверенного лица на принятие от Газеты услуг, связанных с проведением предвыборной агитации.

Для заключения такого договора кандидат/доверенное лицо предоставляет собственнику Газеты письменное обращение с указанием следующей информации:

1) Регистрационный номер, дата и время письменного обращения;

2) Ф.И.О. кандидата/Ф.И.О. доверенного лица, подающего письменное обращение;

3) Документ, подтверждающий полномочия лица на подачу письменного обращения: удостоверение личности кандидата/доверенного лица, удостоверение кандидата/доверенного лица, выданное уполномоченным государственным органом, иной документ в соответствии с законодательством РК;

4) Содержание письменного обращения с указанием планируемого объема занимаемой площади, вида агитационных печатных материалов;

5) Подпись кандидата либо доверенного лица.

Письменные заявления принимаются Редакцией с 1 ноября 2026 года до 27 ноября 2026 года включительно, кроме выходных и праздничных дней, с 09:00 до 18:00 часов (по времени г. Астаны), перерыв с 13:00 до 14:00 часов, по адресу: Жамбылская область, г. Тараз, ул. Ы.Сулейменова 7 «А». К письменному обращению прилагаются копии документов, на которые в нем сделана ссылка.

Публикации должны содержать информацию об их оплате, ответственных лицах за выпуск материалов, источниках финансирования, фамилию лица, предоставившего информацию.

Предвыборная агитация начинается с момента окончания срока регистрации и заканчивается в 00:00 часов по местному времени дня, предшествующего дню выборов – с 09:00 01 ноября 2026 г. по 18:00 часов 27 ноября 2026 г.

РАЗМЕР И ПОРЯДОК ОПЛАТЫ ПЛОЩАДЕЙ ГАЗЕТЫ

Размер оплаты за предоставление печатных площадей для размещения агитационных и информационных материалов составляет:

– 300 теңге за 1 кв. см. размещения модуля на страницах с журналистскими публикациями;

ТОО «Редакция газеты «Жамбыл-Тараз» не является плательщиком НДС.

Оплата осуществляется на основании счета, выставленного Газетой, в течение 5 (пяти) банковских дней от даты выставления такого счета. Оплата осуществляется на банковские реквизиты Газеты, указанные в соответствующем договоре о предоставлении печатных площадей Газеты.



ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізуге байланысты Тараз қаласы бойынша 3 Call-орталығы құрылды.

Байланыс телефондары:

1) Тараз қаласы әкімінің аппараты – 8 (7262) 45-17-71, 45-48-14;

2) Тараз қаласы Әулиеата ауданы әкімінің аппараты – 8 (7262) 54-74-59;

3) Тараз қаласы Жібек жолы ауданы әкімінің аппараты – 8 (72633) 3-33-81.

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА ТАРАЗ!

В связи с проведением внеочередных выборов депутатов маслихатов Республики Казахстан, назначенных на 29 ноября 2026 года по городу Тараз создано 3 Call-центра.

Контактные телефоны:

1) аппарат акима города Тараз – 8 (7262) 45-17-71, 45-48-14;

2) аппарат акима района Әулиеата города Тараз – 8 (7262) 54-74-59;

3) аппарат акима района Жібек жолы города Тараз – 8 (72633) 3-33-81.

www.z-taraz.kz | Жамбыл-Тараз қоғамдық-саяси газеті | Jambyltaraz1996@gmail.com | jambyltaraz_channel

▶ 19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

КӨГІЛДІР ОТЫН ҚАУІП ТӨНДІРМЕС ҮШІН...

Әне-міне дегенше көне шаһардың шырайын кіргізген жадыраған жаз мезгіліне де қош айтып, қоңыраулы күздің бел ортасына жеттік. Күннің суытуымен қытымыр қыстың ызғары сезіліп, жылыту маусымы да басталып кетті.

Әрине, мұндай кезеңде тараздық төтеншеліктердің тынымсыз еңбек ететіні көпшілікке мәлім. Олар тұрғын үйлердегі газ жабдықтары мен жылыту жүйелерінің қауіпсіздігін қадағалап, мұржалардың ақауларын анықтау, ықтимал қауіптің алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізеді. Десе де, сақтық шараларының күшейтілгеніне қарамастан, тұрғындардың түтінге тұншығуы, иіс газынан улануы, тіпті соңы қайғылы жағдаймен аяқталатын оқиғалар өңірде жыл сайын қайталанып жатады.

Естеріңізде болса, 2020 жылдың қазан айында Тараз қаласындағы Ақмола көшесінде орналасқан тұрғын үйлердің бірінде екі және үш жастағы екі сәби газға уланып көз жұмған еді. Қайғылы оқиға кезінде балалар үйде ата-анасының қарауынсыз қалған. Әкесі күнделікті нәпақасын табу үшін жалдамалы жұмысқа кетсе, анасы емханаға қаралуға барған. Ал үйдің үлкен баласы мектепте болған.

Арада бір ай өтпей жатып, сол жылдың қараша айында, Тараз қаласында тағы бір төтенше жағдай тіркелді. Жеке тұрғын үйлердің бірінде газ жарылып, салдарынан 11 жастағы бала зардап шегіп, денесінің 15 пайызы күйік шалған. Жарылыстың күшті болғаны соншалық, жаңадан салынған төрт бөлмелі үй тұруға мүлдем жарамсыз болып қалған.

Сол оқиғадан кейін шамамен бір ай өткенде Тараз қаласындағы Н.Әбдіров көшесінде орналасқан жеке тұрғын үйде тағы бір қайғылы жағдайдың алдын алу қажет болды. Табиғи газбен жұмыс істейтін жылыту пешін пайдалану ережелерінің бұзылуы салдарынан улы газдан уланған үй иесінің бес баласы ауруханаға жеткізілді. Абырой болғанда, төтенше жағдайлар қызметкерлері оқиға орнына дер кезінде жетіп, зардап шеккендерді қауіпсіз жерге шығаруға көмектесті. Дәрігерлердің көмегінің арқасында балалардың өмірін сақтап қалу мүмкін болды.

Ал 2023 жылы Тараз қаласында болған оқиға шаһар тұрғындарының әлі есінде. Сол жылдың 6 наурызында қаладағы №22 мектепте оқушылардың сабаққа қатысуы тексерілген кезде екінші сынып оқушысының сабаққа келмегені анықталған. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі баланың ата-анасына бірнеше мәрте телефон соққанымен, ешкім жауап бермеген. Бұған қоса, баланың анасы жұмыс істейтін мекемедегі әріптестері де оның сол күні жұмысқа келмегенін хабарлаған.

Осы жағдайға алаңдаған мектеп директоры отбасының тұрғылықты мекенжайына бару туралы шұғыл шешім қабылдайды. Мектеп қызметкерлерінен құралған топ оқушының үйіне жедел жеткенімен, есік қоңырауына ешкім жауап бермеген. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспектор, полиция лейтенанты Әлішер Ермеков, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қуаныш Исмаилов және үйдің көршісі қоршаудан асып, ішке көз салған кезде баланың жатқанын байқайды. Олар уақыт оздырмай, пластикалық терезені бұзып, үйге кіріп, зардап шеккендерді сыртқа алып шыққан. Сондай-ақ алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсетіп, тиісті қызметтердің көмегіне жүгінген.

Тізе берсек, мұндай оқиғалар жетіп артылады. Айталық, биыл өрт салдарынан екі адам қаза тауып, бір адам жарақат алған. Өткен жылдың сәйкес кезеңінде бір адам көз жұмып, 11 адам жарақаттанған. Өрттен келтірілген материалдық шығын да аз емес. Биыл оның көлемі 23 миллион 990 мың теңгені құраса, өткен жылы 41 миллион 640 мың теңгеге жеткен.

Бұл көрсеткіш адамды ойландырмай қоймайды. Материалдық шығынның азаюы көңілге демеу болғанымен, тілсіз жаудың кесірінен қираған баспана мен бүлінген дүние-мүліктің орнын толтыру оңай болмайды. Ал адам өмірін келген зиянның орнын ешқандай қаражатпен толтыру мүмкін емес.

Тараз қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы Еркебұлан Шарипбаевтың айтуынша, өрттердің негізгі себептерінің бірі – жылыту пештерін пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау.

– Пештің шамадан тыс қыздырылуы, түтін мұржасының уақытылы тазаланбауы, мұржада жарықтардың пайда болуы, пешке жақын жерде жанғыш заттардың орналасуы және пешті қараусыз қалдыру – өртке әкелетін қауіпті жағдайлардың бірі. Пеш жағылған кезде оны қараусыз қалдыруға болмайды. Қатты аяз кезінде пешті ұзақ уақыт бойы үздіксіз қыздырмай, күніне бірнеше рет қысқа уақыт жағу ұсынылады. Пештің маңында отын, қағаз, киім, жиһаз және басқа да жанғыш заттарды сақтауға, сондай-ақ киім-кешекті пештің үстінде немесе оған жақын жерде кептіруге жол берілмейді. Ағаш еденге орнатылған пештің алдына көлемі кемінде 0,5х0,7 метр болатын жанбайтын материалдан жасалған алдын ала жағу парағы төселуге тиіс. Пештер мен басқа да жылыту құрылғыларының жанғыш конструкциялардан тиісті өртке қарсы арақашықтықтары сақталуы қажет. Сонымен қатар тұрғын үйлерге автономды өрт хабарлағыштарын орнату, электр сымдары мен ақаулы розеткаларды уақытылы жөндеу, газ және электр жабдықтарын пайдалануда сақтық шараларын сақтау маңызды.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен Тараз қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы жергілікті атқарушы органдармен және басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесіп профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жүргізіп келеді, – дейді Еркебұлан Мұхитұлы.

Жалпы, жоғарыда аталған қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін тұрғын үйлерге автономды дабыл құрылғылары мен улы газды анықтайтын арнайы датчиктерді орнатудың маңызы зор екендігіне тағы бір мәрте көзіміз жеткендей болды. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрмыстық газдан улану оқиғаларының алдын алу бағытында өңірде бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда, жыл басынан бері әлеуметтік осал топқа жататын отбасылардың тұрғын үйлеріне жалпы саны 150 датчик орнатылды. Оның ішінде 127-сі – улы газды анықтауға арналған болса, 23-і – табиғи газдың таралуын анықтайтын құрылғылар.

Сонымен қатар 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында жергілікті атқарушы органдар тарапынан улы және табиғи газды анықтайтын датчиктерді сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Ал Тараз қаласында жылыту маусымы басталғалы бері әлеуметтік осал топқа жататын азаматтардың тұрғын үйлеріне улы газды анықтайтын 21 датчик орнатылды. Бұдан бөлек, 20 тұрғын үйдің пеш құбырлары мен түтін мұржаларын тазарту жұмыстары жүргізілді. Десе де, қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек арнайы құрылғыларды орнатумен немесе мұржаларды тазалаумен шектелмейді. Әрбір тұрғын жылыту пештерінің жарамдылығын тексеріп, газ жабдықтарын пайдалану ережелерін қатаң сақтауы қажет. Ал датчиктердің үздіксіз жұмыс істеуін қадағалап, олардың қуат көзін және жарамдылық жағдайын мерзімді түрде тексеру де назардан тыс қалмауға тиіс.

Сонымен қатар төтенше жағдайлар қызметінің мамандары тұрғындар арасында өрт қауіпсіздігі мен тұрмыстық газды дұрыс пайдалану жөніндегі түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізудің маңызы зор. Әсіресе жылыту маусымы кезінде жеке тұрғын үйлерді аралап, пештер мен түтін мұржаларының қауіпсіздігіне назар аудару, улы газдан уланудың алдын алу жолдарын түсіндіру және арнайы дабыл құрылғыларының маңызын насихаттау айрықша мәнге ие.

Дегенмен, қауіпсіздік тек тиісті қызметтердің жұмысына ғана байланысты емес. Әрбір тұрғын өз өмірі мен жақындарының амандығына жауапкершілікпен қарап, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға тиіс. Газ жабдықтарының жарамдылығын уақытылы тексеру, пештер мен мұржаларды күтіп ұстау, үй-жайларды желдету және улы газды анықтайтын датчиктер орнату – қайғылы жағдайлардың алдын алуға бағытталған маңызды қадамдар. Төтенше жағдайлар қызметкерлерінің жүйелі түсіндіру жұмыстары мен тұрғындардың сақтық шараларына жауапкершілікпен қарауы өзара ұштасқанда ғана жоғарыда аталған қайғылы оқиғалардың қайталануына жол бермеуге болады.

Жұматай КӨКСУБАЙ

ҚҰТҚАРУШЫ – АДАМ ӨМІРІНІҢ АРАШАШЫСЫ

Елімізде жыл сайын 19 қазанда Құтқарушылар күні атап өтіледі. Осыған орай «Әділет» партиясы Тараз қалалық филиалы Жамбыл облысы Төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, жастардың құтқарушылармен кездесуін өткізді.

Жастардың бойында ерлік пен отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру, қауіпсіздік мәдениетін арттыру және құтқарушы мамандығын насихаттауды мақсат еткен шараны Тараз қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі Назар Нұржанов ашты. «Әділет» партиясы Тараз қалалық филиалының төрағасы Нариман Мәуленов құтқарушыларды кәсіби мерекесімен құттықтап, олардың адам өмірін сақтаудағы еңбегін атап өтті.

Кездесуде «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері өрт сөндіру техникасымен танысып, арнайы көліктерге экскурсия жасады. Мамандар көліктердің жабдықтары мен қызметін таныстырып, жастардың сұрақтарына жауап берді.

Жұмаш ЖОЛБОЛДЫ

JAMBYL TARAZ
№83 (2099) 21 QAZAN 2026 JYL

www.z-taraz.kz | Жамбыл-Тараз қоғамдық-саяси газеті | jambyltaraz1996@gmail.com | jambyltaraz_channel

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік міндеттемелерді қаржыландыру мәселесін қайта қарап, азаматтарға бөлінетін әлеуметтік төлемдерді біріздендіруді тапсырған болатын.

ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТҮЙТКІЛ

Отбасының әлеуметтік әл-ауқат деңгейін анықтау қалай жүргізіледі?

«Мемлекеттің көз алдындағыдан басқаны көрмей, бәріне көне беретін әлеуметтік саясаты жүзден астам түрлі жеңілдіктің пайда болуына әкеп соқтырды.

Мемлекет өзінің негізгі міндеттерін орындаудан бас тартпайды. Бірақ әлеуметтік жеңілдіктерді қолдан көбейту – елді дамытуға, яғни мектеп, аурухана, көлік инфрақұрылымдарын және басқа да нысандар салуға жұмсалуы қажет қыруар қаражатты желге шашу деген сөз, – деген Президент әлеуметтік қолдау саласын толыққанды трансформациялау қажеттігін қадап айтқан болатын.

Нәтижесінде елімізде еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласын цифрлық трансформациялау мәселелері бойынша кешенді шаралар қолға алынды. Бұл жұмыстар мемлекеттік әлеуметтік көмектің шын мәнінде мұқтаж азаматтарға көрсетілуіне бағытталып отыр. Осылайша 2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда бірқатар мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау кезінде азаматтың немесе отбасының әлеуметтік әл-ауқатын ескеру туралы шешім қабылданды.

2027 жылдан бастап күшіне енетін жаңа талаптың көздегені – бюджет қаражатын барынша ұтымды жұмсап, мемлекеттік қолдауды шын мұқтаж азаматтарға бағыттау. Дегенмен, бұл өзгерісті «енді ауқатты азаматтарға ешқандай жәрдемақы берілмейді» деп қабылдау дұрыс емес. Себебі мемлекеттік төлемдердің әрқайсысының өз мақсаты, сондай-ақ оларды тағайындаудың заңмен белгіленген негіздері бар. Кейбір төлемдер отбасының кірісі мен әлеуметтік ахуалына қарай берілсе, енді біреулері мүгедектікке, бала күтіміне немесе асыраушысынан айырылуға байланысты тағайындалады. Сондықтан мәселе барлық жәрдемақыны жаппай қысқартуда емес, нақты қай төлемге қандай талаптар қойылатынында.

Жаңа тәртіп бойынша мемлекеттік жәрдемақылардың бірқатарын тағайындау кезінде азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты назарға алынады. Мұндай төлемдер қатарына бала дүниеге келгенде берілетін біржолғы жәрдемақы, бала бір жарым жасқа толғанға дейінгі күтімге арналған төлем, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақылар және мемлекеттік наградалармен марапатталған аналарға арналған төлемдер кіреді. Бұдан бөлек, мүгедектікке, асыраушысынан айырылған және күтім жасауға байланысты жәрдемақылардың кейбір түрлері де осы тәртіп аясында қарастырылған.

Ресми түсіндірмелерге сәйкес, әлеуметтік жағдайы жоғары «А» және ауқатты «В» санаттарына енгізілген азаматтарға жаңа тәртіппен қамтылатын жәрдемақыларды тағайындауға белгілі бір шектеулер қойылуы ықтимал. Алайда мұны барлық мемлекеттік төлем бірдей тәртіппен автоматты түрде тоқтатылады деп түсінбеу керек. Әрбір жәрдемақының заңдық негізі мен оған қатысты ерекшеліктері бөлек қарастырылуға тиіс. Мәселен, баланың өзіне тиесілі жәрдемақы мен оны тәрбиелеп отырған ата-анаға тағайындалатын төлемнің шарттары бір-бірінен өзгеше болуы мүмкін. Осыған байланысты азаматтар өздері алатын немесе алуға үміттенетін нақты төлемге қандай талаптардың қолданылатынын анық білуі қажет.

Жаңартылған жүйеде отбасының әлеуметтік ахуалын айқындау барысында Цифрлық отбасы картасының маңызы бұрынғыдан да арта түседі. Аталған құрал мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде жинақталған деректерді негізге алып, әр отбасының тұрмыс жағдайын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай тетік азаматтардың түрлі мекемелерден бірдей анықтамаларды қайта-қайта жинауына жол бермеуге және әлеуметтік көмек тағайындау үдерісін жеңілдетуге бағытталған.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, әлеуметтік жағдайды бағалау сегіз бағытты қамтитын 59 көрсеткіш негізінде жүзеге асырылады. Бағалау кезінде отбасының кірісі, иелігіндегі мүлік, баспана жағдайы, көлік құралдары, еңбекпен қамтылуы, несие бойынша міндеттемелері және кәсіпкерлік қызметі секілді мәліметтер ескеріледі. Жиналған ақпаратты талдау нәтижесінде әр отбасының әл-ауқат деңгейі анықталып, ол бес санаттың біріне жатқызылады. Атап айтқанда, «А» санаты – әл-ауқаты жоғары, «В» – ауқатты, «С» – жағдайы қанағаттанарлық, «D» – экономикалық тұрғыдан осал, ал «Е» санаты экономикалық және әлеуметтік жағынан осал отбасыларды білдіреді.

Осыған орай eGov Mobile мобильді қосымшасында отбасының әл-ауқатын бағалауға арналған жаңа сервис пайда болды. Ол 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап кейбір мемлекеттік көмектерді отбасының нақты жағдайы мен мұқтаждығына қарай көрсету тәртібіне көшу аясында іске қосылды. Калькулятор арқылы азаматтар отбасының әл-ауқатын бағалау талаптарымен танысып, отбасының саламаттылық деңгейін анықтай алады. Есептеу азаматтың өзі көрсеткен мәліметтер негізінде жүргізіледі және анықтамалық сипатқа ие. Оның нәтижесі әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе тоқтату туралы шешім болып саналмайды.

«А» санатына жатқызу өлшемдерінің бірі – отбасының әр мүшесіне шаққандағы табыстың күнкөріс деңгейінің жеті есесіне тең болуы немесе одан асып түсуі. Бұл шамамен 350 мың теңгеге сәйкес келеді. Сонымен бірге отбасының тұрғын үйі, өзге де мүлкі, бизнесі мен көлігінің бар-жоғы назарға алынады», – деп түсіндіреді министрлік өкілдері.

Алайда осы тұста цифрлық жүйеге енгізілген мәліметтер отбасының шынайы тұрмыс деңгейін қаншалықты дәл анықтай алады деген сауал туындайды. Мысалы, адамның немесе отбасының атында жылжымайтын мүліктің болуы оның тұрақты әрі жеткілікті кірісі бар екенін бірден білдірмейді. Кей жағдайда бұл – бірнеше ұрпақ өкілдері бірге тұратын жалғыз баспана ғана болуы мүмкін. Сол секілді несие міндеттемелерінің болуы немесе болмауы да отбасының материалдық жағдайын толық сипаттай алмайды.

Бұған қоса, көпбалалы отбасылар мен мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын жанұялардың күнделікті шығыны басқа отбасыларға қарағанда едәуір жоғары болатыны белгілі. Сондықтан әлеуметтік әл-ауқатты бағалау барысында кіріс пен мүлік туралы деректерді ғана негізге алу жеткіліксіз. Отбасының нақты қажеттіліктері, тұрақты шығындары және оның мойнындағы міндеттемелер де жан-жақты ескерілуі керек.

Жаңа жобада жәрдемақыны тағайындау, төлемді белгілі бір уақытқа тоқтата тұру, оны қайта бастау және толықтай тоқтату тәртібі де белгіленген. Осыған орай төлемнің уақытша тоқтатылуы мен жәрдемақы алу құқығының біржола жойылуы екі түрлі жағдай екенін түсіну маңызды. Қандай шешім қабылданатыны жәрдемақының түріне және оны тағайындауға негіз болатын заң талаптарына байланысты болады. Егер отбасының өмір сүру жағдайы өзгеріп, мысалы, тұрақты табысынан айырылса немесе қаржылық мүмкіндігі төмендесе, мұндай өзгерістер оның әлеуметтік ахуалын қайта бағалау кезінде назарға алынуға тиіс. Ал ресми деректер уақытында жаңартылмаса, ақпараттық жүйедегі мәліметтер мен азаматтың шынайы тұрмыс жағдайы арасында айырмашылық пайда болуы мүмкін.

Осы себепті әлеуметтік төлемдерді тоқтату тәртібімен бірге, оларды қайта алу мүмкіндігі мен рәсімдері де халыққа түсінікті әрі қолжетімді болуы қажет. Әрбір азамат өзіне қатысты қабылданған шешімнің себебін білуге, жүйедегі мәліметтердің дұрыстығын тексеруге және заңда белгіленген тәртіппен шағым түсіруге құқылы.

Жалпы алғанда, Қазақстан ТМД мемлекеттері арасында халықты әлеуметтік қолдау деңгейі бойынша алдыңғы қатардан көрініп келеді. Жуырда осы тақырыпқа қатысты қаржыгер әрі сарапшы Айдархан Құсайынов өз талдауын жариялады. Оның келтірген мәліметтеріне қарағанда, еліміздегі мүгедектікке байланысты төленетін жәрдемақының мөлшері Ресей, Әзербайжан, Тәжікстан және Қырғызстанмен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Қазақстаннан гөрі мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көбірек жәрдемақы тек Беларусьте төленеді екен. Бала тууына байланысты берілетін төлемдер бойынша да Қазақстан мен көршілес мемлекеттер арасындағы айырмашылық айқын байқалады. Біздің елде дүниеге келген баланың отбасындағы нешінші бала екеніне қарай біржолғы жәрдемақы көлемі 164 мың теңгеден 272 мың теңгеге дейін жетеді.

«Бұл көрсеткіш көршілес мемлекеттердің басым бөлігіндегі төлемдерден жоғары. Мәселен, Ресейде бала тууына байланысты берілетін жәрдемақы 149 мың теңгені, Әзербайжанда 158 мың теңгені құрайды. Ал Тәжікстанда бұл сома 28 мың теңге болса, Өзбекстанда – 29,7 мың, Қырғызстанда – 21,5 мың теңге. Қазақстаннан жоғары төлем қарастырылған жалғыз ел – Беларусь. Онда бірінші бала дүниеге келгенде 790 мың теңге, ал екінші және одан кейінгі балаларға 1,1 миллион теңге беріледі», – дейді сарапшы.

Бала күтіміне байланысты төлемдер де халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде айрықша орын алады. Қазақстанда бала бір жарым жасқа толғанға дейін берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 25 мыңнан 40 мың теңгеге дейін барады. Сонымен қатар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысатын азаматтар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан өздерінің бұрынғы табысына сәйкес төлем алуға құқылы.

Көпбалалы отбасыларды қолдау бағытында да Қазақстанның өзіндік ерекшелігі бар. Елімізде төрт және одан да көп баласы бар жанұяларға табыс деңгейіне қарамастан ай сайын жәрдемақы төленеді. Ал кейбір мемлекеттерде көпбалалы отбасыларға көрсетілетін қаржылай көмек негізінен табысы төмен азаматтарға беріледі. Енді Қазақстанда енгізілетін өзгерістер де әлеуметтік қолдауды нақты көмекке мұқтаж отбасыларға бағыттауды мақсат етеді.

Әлеуметтік көмектің шын мәнінде мұқтаж азаматтарға берілуі мемлекеттік бюджетті тиімді пайдалануға ықпал ететіні анық. Дегенмен, жаңа жүйенің нәтижелілігін тек жәрдемақы алушылар санының қысқаруымен немесе бюджеттен жұмсалатын қаражаттың азаюымен өлшеу дұрыс емес. Мұндағы ең басты өлшем – әлеуметтік қолдауға мұқтаж адамдардың тиісті көмекті уақытылы әрі кедергісіз ала алуы.

Егер әр отбасының жағдайы әділ әрі жан-жақты бағаланса, мемлекеттік қолдау шынымен көмекке мұқтаж жандарға бағытталады. Сайып келгенде, жаңа жүйенің тиімділігі бюджет қаражатының үнемделуімен ғана емес, әлеуметтік көмекке зәру азаматтардың өмір сүру жағдайының жақсаруымен бағалануға тиіс. Мемлекеттік қолдау өз мақсатына жетіп, мұқтаж отбасылардың тұрмысын оңалтуға нақты ықпал еткенде ғана бұл бастаманың нәтижесі көрінеді.

Еркін САЙЫН

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ КЕҢІСТІГІ КЕҢЕЮДЕ

Адам өмірінде өзгеге қол ұшын созып, қиын сәтте жанынан табылудың мәні ерекше. Біреуге көрсетілген кішкентай ғана қамқорлықтың өзі үлкен үмітке айналып, жүрекке жылулық ұялатуы мүмкін. Ал сол ізгілікті күнделікті міндетіне айналдырып, тағдырдың түрлі сынағына тап болған жандарға қолдау көрсетуді өмірлік ұстаным еткен мамандық иелерінің еңбегі қашанда құрметке лайық. Әсіресе қоғамның ерекше назарын қажет ететін балалар мен ересек азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету – кәсіби біліктілікпен қатар, сабырлықты, сезімталдықты, адам жанын түсіне білуді талап ететін жауапты қызмет. Әлеуметтік қызмет көрсету саласының кәсіби мерекесі қарсаңында біз осындай ізгі істің басы-қасында жүрген мамандардың тыныс-тіршілігімен танысып, олардың күнделікті еңбегінің қыр-сырына үңілдік.

Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарына қарасты бөлімшенің жұмысымен танысу мақсатымен балалар мен 18 жастан асқан адамдарға үйде әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған №3 бөлімше меңгерушісі Шынар Алибаевамен тілдестік. Бөлімше мамандары мен әлеуметтік қызметкерлері мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан адамдарға үйде өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын үйрету, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық қызметтер көрсету және қоғамға бейімдеу жұмыстарымен айналысады.

Қоғамның әлеуметтік әл-ауқатын айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі – көмекке мұқтаж азаматтардың қаншалықты қолдау көріп отырғаны. Өйткені әрбір адамның өмірлік жағдайы, қажеттілігі мен мүмкіндігі әртүрлі. Бірі күнделікті тұрмыста жәрдемге мұқтаж болса, енді бірі әлеуметтік ортаға бейімделуді, өзіне деген сенімді нығайтуды қажет етеді. Осындай кезде әлеуметтік қызметкердің рөлі арта түседі. Ол – көмек көрсетуші маман ғана емес, кейде сырласатын жан, кейде бағыт-бағдар беруші кеңесші, ал кей жағдайда адамның өміріне сенім ұялататын тірек.

– Бүгінде орталықта жалпы саны 640 қызмет алушыға әлеуметтік қызмет көрсетіледі. Бұл – ауқымды жұмысты, жүйелі ұйымдастыруды және әрбір азаматтың қажеттілігіне сай қызмет көрсетуді талап ететін көрсеткіш. Орталық құрамында жеті бөлімше жұмыс істейді. Оның ішінде үшеуі – «Қарттар мен мүгедектерге үй жағдайында әлеуметтік көмек көрсету» бөлімшелері. Ал қалған төртеуі – «Балалар мен 18 жастан асқан адамдарға үйде көмек көрсету» бөлімшелері.

Әр бөлімшенің өзіне тән міндеттері мен жұмыс бағыттары болғанымен, олардың барлығын біріктіретін ортақ мақсат – әлеуметтік қолдауды қажет ететін, азаматтардың өмір сапасын жақсарту, күнделікті тіршілігін жеңілдету және қоғамдағы орнын нығайтуға ықпал ету.

Біздің бөлімшеде 85 қызмет алушыға 14 әлеуметтік қызметкер бекітілген. Әр маманға орта есеппен алты бала жүктелген. Бір қарағанда бұл сандық көрсеткіштер ғана болып көрінуі мүмкін. Алайда әр санның артында жеке тағдыр, өзіндік қажеттілік, отбасылық жағдай және маманның көмегіне деген үміт бар екенін ескерсек, атқарылып отырған жұмыстың салмағын тереңірек түсінуге болады.

Әлеуметтік қызметкердің жұмыс күні нақты жоспар мен белгіленген тәртіпке сәйкес ұйымдастырылады. Мамандар таңғы сағат 9:00-ден 11:00-ге дейін ұжым болып бас қосып, күнделікті атқарылған жұмыстар туралы есеп береді, орындалған міндеттерді саралап, алдағы жұмыс барысын пысықтайды. Бұл уақыт – тек есеп беру кезеңі емес, сонымен қатар тәжірибе бөлісіп, өзара пікір алмасуға, жұмыс барысында кездескен мәселелерді талқылауға мүмкіндік беретін маңызды басқосу. Әріптестердің өзара қолдауы мен ортақ шешім қабылдауы әлеуметтік қызметтің сапасын арттыруда айрықша рөл атқарады.

Ал сағат 11:00-ден бастап мамандар қызмет алушылардың үйлеріне барып, өз міндеттерін тікелей жүзеге асырады. Бір әлеуметтік қызметкер бір күнде үш балаға барып, оларға қажетті көмекті көрсетеді. Үй жағдайында қызмет көрсету маманнан ерекше ұқыптылық пен жауапкершілікті талап етеді. Себебі қызмет алушының өз ортасында жұмыс істеу оның күнделікті тіршілігімен, отбасылық жағдайымен және жеке қажеттіліктерімен етене танысуға мүмкіндік береді. Мұндай қызметтің ерекшелігі де осында. Көмек адамның жағдайына қарай бейімделіп, әрбір жанның жеке ерекшелігі ескерілуі керек.

Әлеуметтік қызметкер үшін әрбір кездесудің өзіндік маңызы бар. Бір үйге барған кезде маман нақты тұрмыстық мәселелерді шешуге көмектессе, келесі жағдайда қызмет алушының көңіл күйіне назар аударып, оған рухани демеу көрсетуі мүмкін. Сондықтан бұл саладағы жұмысты тек қызмет түрлерінің тізімімен немесе орындалған міндеттердің санымен бағалау жеткіліксіз. Оның шынайы нәтижесі адамның өзін қаншалықты қолдаулы сезінетінінен, күнделікті өмірінде қандай өзгерістер болғанынан және маманмен қарым-қатынасының сенімге негізделуінен көрінеді, – дейді Шынар Ерсайынқызы.

Балалармен жұмыс істеудің де өзіндік ерекшелігі бар. Әр баланың мінезі, қабылдауы, қызығушылығы мен қажеттілігі әртүрлі болғандықтан, маман олардың әрқайсысына жеке көзқарас танытуға тиіс. Баланың сеніміне кіру, оның көңіл күйін түсіну, мүмкіндіктерін ескеру және қолайлы қарым-қатынас орнату – бір күнде қалыптаса салатын дағды емес. Мұның барлығы тәжірибе, төзім және үздіксіз ізденіс арқылы дамиды. 18 жастан асқан қызмет алушылармен жұмыс барысында да адамның дербестігін құрметтеу, жеке қажеттіліктерін ескеру және әлеуметтік қолдаудың тиімді жолдарын қарастыру маңызды.

Осы тұрғыдан алғанда әлеуметтік қызметкердің кәсіби шеберлігі оның атқарған жұмысының көлемімен ғана өлшенбейді. Маманның адамдармен тіл табыса білуі, күрделі жағдайларда сабыр сақтауы, қызмет алушының құқығы мен мүддесін ескеруі де маңызды. Өйткені әлеуметтік салада әрбір шешімнің артында адамның көңілі мен тағдыры тұрады. Ал мұндай жауапкершілікті сезіну – кәсібіне адал маманға тән қасиет.

– Сапалы қызмет көрсетудің негізі – білікті маман. Сондықтан әлеуметтік сала қызметкерлерінің кәсіби білімін жетілдіру, құқықтық сауаттылығын арттыру және тәжірибесін толықтыру мәселесіне де ерекше мән беріледі. Бізде аптасына бір рет шығармашылық сағат өткізіледі. Мұндай кездесулер қызметкерлердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ой бөлісуіне, өзара қарым-қатынасты нығайтуына мүмкіндік береді. Шығармашылық сағаттың тағы бір маңызы – күнделікті жауапты жұмыстың арасында мамандардың жаңа қырларын ашып, ұжымдық рухты қалыптастыруға ықпал етуінде.

Сонымен бірге қызметкерлер әлеуметтік кодекс пен әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарының талаптарын, белгіленген қағидаларды меңгеріп, кәсіби білімдерін үнемі толықтырып отырады. Әлеуметтік салада заңнамалық талаптарды білу – жай ғана теориялық білім емес, күнделікті қызметтің маңызды бөлігі. Өйткені әрбір азаматқа көрсетілетін көмек оның құқықтары мен заңды мүдделерін ескере отырып жүзеге асырылуы керек. Ал стандарттарды жетік меңгеру мамандарға өз міндеттерін дұрыс ұйымдастырып, қызмет көрсету сапасын бірізді ұстануға мүмкіндік береді.

Қазіргі қоғамда әлеуметтік қызмет көрсету саласының міндеттері де күрделене түсуде. Азаматтардың қажеттіліктері өзгеріп, әлеуметтік қолдаудың жаңа тәсілдері мен тиімді тетіктеріне сұраныс артып келеді. Мұндай жағдайда маманның бір ғана тәжірибеге сүйеніп қалмай, жаңашылдықтарға бейімделуі маңызды. Осы мақсатта бөлімшеде айына бір рет түрлі сала өкілдерімен тәжірибе алмасу кездесулері ұйымдастырылады. Атап айтқанда, емхана мамандары, құқық қорғау органдарының өкілдері мен нотариустар шақырылып, өз салаларына қатысты мәселелер мен жаңалықтар жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Мұндай кездесулердің берері мол. Денсаулық сақтау мамандарымен байланыс әлеуметтік қызметкерлердің медициналық мәселелерге қатысты сауаттылығын арттыруға септігін тигізсе, құқық қорғау органдары өкілдерімен және нотариустармен жүздесу азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты мәселелерді тереңірек түсінуге жол ашады. Әлеуметтік қызметкер күнделікті жұмысында түрлі жағдайларға тап болатындықтан, өзге салалардың мамандарымен байланыс орнату оның кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сонымен қатар осындай тәжірибе алмасу кездесулері қызмет алушыларға қажетті бағыт-бағдар беріп, олардың мәселелерін шешудің тиімді жолдарын қарастыруға көмектеседі.

Шын мәнінде, әлеуметтік қызмет көрсету – бірнеше саланың тоғысқан тұсында жүзеге асатын жұмыс. Мұнда адамның денсаулығы, әлеуметтік жағдайы, құқықтық сауаттылығы мен қоғамға бейімделуі бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан мамандардың жан-жақты білімді болуы, ақпаратты дұрыс түсініп, оны қызмет алушының игілігіне жарата білуі аса маңызды. Үнемі үйрену мен тәжірибе жинақтау – саланың ажырамас бөлігі, – дейді бөлімше меңгерушісі Шынар Алибаева.

Әлеуметтік қызметкерлердің еңбегі туралы сөз қозғағанда олардың еңбек жағдайы мен материалдық қолдау мәселесін де айналып өту мүмкін емес. Өйткені қоғамға қызмет ететін мамандардың еңбегі лайықты бағалануы керек. Бөлімше меңгерушісі Шынар Ерсайынқызының мәліметінше, әлеуметтік салаға жаңадан келген маманның айлық жалақысы шамамен 180 мың теңгеден басталады. Ал еңбек өтілі мен біліктілік санаты бар қызметкерлердің жалақысы 280 мың теңгеге дейін жетеді. Бұл көрсеткіштер маманның тәжірибесі мен кәсіби біліктілігінің еңбек жағдайындағы маңызын аңғартады. Сонымен қатар ай сайын жол жүру ақылары да төленеді екен.

– Әлеуметтік қызметкердің еңбегі оңай емес. Бір күнде бірнеше қызмет алушыға бару, әрқайсысының қажеттілігін ескеру, атқарылған жұмысты есепке алу, кәсіби білімді үнемі жетілдіру – мұның барлығы уақыт пен күшті талап етеді. Оның үстіне маманның жұмысы адамдармен тікелей қарым-қатынасқа негізделгендіктен, әрдайым сабырлы болып, түсіністік танытуы қажет. Осындай жауапкершілігі мол қызметте еңбек ететін мамандардың кәсіби дамуына жағдай жасау, еңбегін әділ бағалау және әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету – саланың тұрақты дамуы үшін маңызды.

Әлеуметтік қызметкер үшін адамның алғысы мен сенімі де еңбегінің маңызды нәтижелерінің бірі. Себебі көрсетілген көмектің шынайы мәні сол көмекті алған адамның өміріне тигізген оң әсерінен көрінеді. Мамандар өздерінің қызмет алушыларының жетістігін көрген кезде еңбектерінің зая кетпегенімен мақтанады. Бізде Стэлла Хаджаниди есімді қыз болды. Оны қызметкерлер бассейнге жазып, «Тараз-Арена» спорт кешеніне апарып жүрді. Сол қызымыз қазір әлемді аралап жүр. Барған елінен жүлдесіз қайтпайды. Жүзуден чемпион болып жүргені – біз үшін мақтаныш. Сол секілді 1,5 жасар қызмет алушы баланың 1-2 минут аяқта тұруы – біздің қызметкерлеріміз үшін үлкен жеңіс.

Бүгінде қоғамда әлеуметтік қызметкерлердің атқаратын рөлі артып келеді. Халықтың осал топтарына қолдау көрсету, әлеуметтік тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, көмекке мұқтаж азаматтардың күнделікті өмірін жеңілдету – мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бағыттарының бірі. Осы міндеттерді жүзеге асыруда тікелей халықпен жұмыс істейтін мамандардың орны ерекше. Олар әлеуметтік қолдаудың қағаз жүзіндегі міндет болып қалмай, адамның күнделікті өмірінде нақты сезілуіне үлес қосады, – дейді бөлімше меңгерушісі.

Әлеуметтік қызмет көрсету саласының кәсіби мерекесі – осы жауапты жолды таңдаған мамандардың еңбегіне құрмет білдіретін ерекше кезең. Бұл – күн сайын өзгенің жағдайын өз міндетінің өзегіне айналдырып, көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетіп жүрген қызметкерлердің еңбегін бағалайтын сәт. Олардың жұмысы қоғамға мейірімнің, өзара көмектің және адамға деген құрметтің қаншалықты қажет екенін ұғындырады.

Мейірімге негізделген мамандықты таңдаған жандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық. Өйткені өзгенің өмірін жылылық сыйлау үшін кейде ерекше мүмкіндік емес, шынайы ықылас, сабыр мен адалдық қажет. Сол қасиеттерді күн сайынғы жұмысына арқау етіп жүрген әлеуметтік қызметкерлер қоғамдағы ізгілік пен жанашырлықтың жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Олардың әрбір игі ісі – адамға деген құрметтің, кәсіби адалдықтың және жүрек жылуының көрінісі. Сондықтан әлеуметтік қызметкердің еңбегін бағалау бір мамандық иесіне ғана құрмет көрсету емес, тұтас қоғамның адамгершілік құндылықтарына құрмет білдіру деп білу керек.

Арайлым ШАБДЕНОВА

JAMBYL TARAZ
№83 (2099) 21 QAZAN 2026 JYL

www.z-taraz.kz | Жамбыл-Тараз қоғамдық-саяси газеті | jambyltaraz1996@gmail.com | jambyltaraz_channel

▶ ҚҰНДЫЛЫҚ

ОТБАСЫ ТАТУЛЫҒЫ – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ

Отбасы – адам баласының өміріндегі ең қастерлі ұғымдардың бірі. Адам дүниеге келген сәттен бастап отбасының жылуын сезінеді, ата-ананың мейірімін көреді, жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты, ізет пен әдепті шаңырақтан үйренеді. Сондықтан отбасы – тәрбиенің бастауы, қоғамның өзегі, ұлттың рухани тірегі.

Қазақ халқы ежелден отбасы құндылығын жоғары бағалаған. «Отан – отбасынан басталады», «Ырыс алды – ынтымақ», «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ» деген мақал-мәтелдер халқымыздың шаңырақтың қадірін терең түсінгенін көрсетеді.

Ислам діні де отбасы институтына ерекше мән береді. Құран Кәрімде ерлі-зайыптылар арасындағы сүйіспеншілік пен мейірім Алла Тағаланың ұлы белгілерінің бірі ретінде сипатталған. Бұл туралы Алла Тағала былай дейді: «Сондай-ақ, Оның (құдіретінің шексіздігін көрсететін) айқын дәлелдерінің бірі – оларға бауыр басып, жандарың жай тапсын деп, сендер үшін өз болмыстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік һәм мейірім сезімін ұялатқаны. Міне, осының өзінде ақылға салып ойланатын қауым үшін анық дәлелдер мен талай ғибрат бар» («Рум» сүресі, 21-ят).

Бұл аятта отбасының үш маңызды негізі айқын көрінеді. Ол – тыныштық, сүйіспеншілік және мейірім. Демек, отбасы құру дегеніміз тек бір шаңырақтың астында бірге өмір сүруді ғана білдірмейді. Отбасы құру – бір-біріне сүйеу болу, қуанышта бірге қуану, қиындықта бірге сабыр ету, бір-бірінің кемшілігін кешіре білу, өзара құрмет көрсету деген сөз.

Неке ер мен әйелдің келісімін ғана білдірмейді. Ол екі жаққа да үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені мұнда адам тағдыры таразыға түседі. Сондықтан ерлі-зайыптылар бір-біріне аманат ретінде қарауы керек. Өйткені отбасындағы әрбір сөз бен әрекет тек осы дүниедегі қарым-қатынасқа ғана емес, адамның ақыреттік жауапкершілігіне де қатысты.

Бұл ретте Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасына деген жауапкершілігі мұсылман баласына үлкен өнеге. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасына қажетті дүниені қамтамасыз етудің маңызын ерекше атап өтіп, садақа беруді отбасынан бастауды өсиет еткен. Бұл жерде біз маңызды бір қағиданы көреміз. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау – жай тұрмыстық міндет емес, сауапты амал. Әкенің баласына уақыт бөлуі, ананың перзентіне мейірім көрсетуі, ер адамның отбасын адал еңбекпен қамтамасыз етуі, әйелдің шаңырақтың берекесін сақтауы сынды амалдар үлкен жауапкершіліктің көрінісі екенін білдіреді.

Отбасының татулығы бір күнде қалыптаспайды. Ол күн сайынғы ізгі сөзден, өзара құрметтен, кешірімнен және сабырдан құралады. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген халқымыздың даналығы да осыны меңзейді. Кейде отбасындағы үлкен мәселе үлкен себептен емес, айтылған бір ауыр сөзден басталады. Бір ауыз сөз көңілді қалдыруы мүмкін. Ал бір ауыз жылы сөз жүрекке демеу болады. Сондықтан шаңырақтағы әрбір сөзге мән берген жөн.

Отбасында татулық орнауы үшін ерлі-зайыптылар бір-бірін қарсылас емес, өмірлік серігі ретінде қабылдауы қажет. Ер адам әйелін құрметтеуі керек. Әйел ерінің еңбегін бағалауы қажет. Ата-ана баласына мейірім танытып қана қоймай, оған дұрыс тәрбие беруге тиіс. Ал бала ата-ананың қадірін біліп, олардың алдындағы міндетін ұмытпауы қажет.

Құран Кәрімде ата-анаға жақсылық жасау туралы: «Раббың Өзіне ғана құлшылық етулеріңді және ата-анаға жақсылық жасауды бұйырды» («Исра» сүресі, 23-аят), – деп айтылған. Бұл – отбасы мүшелерінің арасындағы байланыстың қаншалықты маңызды екенін көрсететін аят.

Қазақ қоғамында да ата-ананы ардақтау ерекше құндылық болған. «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген мақалдар ұрпақ тәрбиесінің жауапкершілігін айқындайды. Бала ата-ананың сөзінен бұрын ісіне қарап өседі. Сондықтан перзентіне жақсы тәрбие бергісі келген ата-ана әуелі өзі үлгі болуы керек.

Отбасындағы татулық тек сол үйдің мәселесі емес. Ол тұтас қоғамның тұрақтылығына әсер етеді. Шаңырағында тыныштық орнаған адам қоғамда да сабырлы болады. Отбасынан мейірім көрген бала өзгеге де мейірім танытады. Ата-анасын құрметтеген ұрпақ ұстазын, үлкенін, елін құрметтеуге бейім болады. Сондықтан отбасы мәселесіне тек тұрмыстық мәселе ретінде қарауға болмайды. Бұл – рухани, әлеуметтік және ұлттық мәселе.

Біз осы бағыттағы жұмыстарымызды жандандыра түсу үшін мешіт жанынан Отбасылық кеңес беру орталықтарын аштық. Себебі жастар бір-бірінің мінезін, жауапкершілігін, өмірлік ұстанымын түсініп, отбасылық өмірге дайын болуы керек. Отбасы – тек қуаныштан тұратын мекен емес. Әр шаңырақта түрлі сынақ болады. Кейде тұрмыстық қиындық кездеседі, кейде пікір қайшылығы туындайды. Осындай сәтте ерлі-зайыптылардың сабыры мен кешірімі сыналады. «Сабыр түбі – сары алтын» дейді халқымыз. Шаңырақтың беріктігі – қиындықтың болмауында емес, қиындықты бірге еңсере білуде.

Отбасында бір-бірінің кемшілігін іздей берген адам береке таппайды. Керісінше жақсы қасиетін көріп, кемшілігін түзетуге көмектескен жөн. Құран Кәрімде: «Жақсылық пен жамандық бірдей болмайды. Сен жамандықтың қарымын (қолыңнан келген ең керемет) жақсылықпен қайтар. Сонда өзіңе қас дұшпан болған адамның жан досыңа айналғанын көресің», – («Фуссилат» сүресі, 34-ят) деп баяндалады. Бұл қағида отбасылық қарым-қатынасқа да қатысты. Егер жұбайлардың бірі ашуланса, екіншісі сабыр сақтауы, бірі қателессе, екіншісі кешіре білуі керек. Әрине, кешірім әділетсіздікке көз жұму деген сөз емес. Отбасында өзара құрмет қалыптасуы қажет. Бірақ ұсақ реніштi үлкейтіп, оны ұзақ уақыт бойы жүректе сақтау татулыққа кері әсер етеді.

Отбасы татулығы – Алланың адам баласына берген үлкен нығметі. Адамның дүниеде жинаған байлығы, мансабы, атақ-абыройы қанша жоғары болғанымен, шаңырағында тыныштық болмаса, оның көңілінде толық бақыт болмайды. Ал керісінше, бір-біріне сүйеу болған отбасы қиындықтың өзін бірге еңсереді.

Шаңырақта әке жауапкершіліктің, ана мейірімнің, бала үміттің символына айналғанда отбасы берекелі болады. Сондықтан әрбір азамат өз үйінің татулығына үлес қосуы керек. Әке баласына уақыт бөлсе, ана перзентіне мейірім берсе, бала ата-анасын құрметтесе, ерлі-зайыптылар бір-бірін қадірлесе, ағайын арадағы сыйластықты сақтаса сонда ғана отбасы берік, қоғам тұрақты болады.

Бүгінгі таңда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы отбасы құндылықтарын нығайтуға ерекше мән беріп келеді. Мешіттерде неке мәдениетін қалыптастыру, жастарға отбасылық жауапкершілікті түсіндіру, ата-аналармен жұмыс жүргізу, отбасылық кеңес беру және ажырасудың алдын алу бағытындағы жұмыстарды одан әрі күшейтіп келеміз. Өйткені отбасын сақтау бір шаңырақты ғана сақтау емес, ұлттың болашағын сақтау деген сөз. Абайдың: «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» деген өсиетін отбасы тәрбиесіне де қатысты қабылдауға болады. Өзара сыйластық пен түсіністік бар жерде береке болады.

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти

▶ ЖАСАМПАЗ ЖОБА

КІТАП ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰРПАҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттың рухани дамуы мен өскелең ұрпақтың білімін арттыруда кітап оқудың маңызы зор екенін үнемі айтып келеді. Осы орайда елімізде кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Кітап оқитын ұлт» жобасы қолға алынған болатын.

Аталған бастама аясында Тараз қаласындағы №69 мектепте шаһардағы білім мекемелері арасында оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру, әдеби шығармалар арқылы ой-өрісін кеңейтіп, білімге құштарлығын қалыптастыру мақсатымен «12 ай – 12 кітап» атты интеллектуалдық сайыс өтті.

Сайыс барысында оқушылар бір ай бойы оқыған шығармалары бойынша әзірленген сұрақтарға жауап беріп, өзара білімдерін сынады. Атап айтқанда, Төкен Оразовтың «Қаныштың жастық шағы», Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя», Марк Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендері», Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер: Алмас қылыш» тарихи романы, Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесі, Тахауи Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Малала Юсуфзайдың «Мен – Малаламын», Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ», Оралхан Бөкейдің «Мұзтау», Джонатан Свифттің «Гулливердің саяхаттары», Дейл Карнегидің «Дос табу және адамдарға ықпал ету өнері» және Дж.Р.Толкиннің «Сақиналар әміршісі: Сақина бауырластығы» шығармалары бойынша сұрақтар қойылды.

Шара соңында ойынға қатысушыларға алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табысталып, олардың ізденісі мен білімге деген құштарлығына қолдау көрсетілді.

Жұмаш ЖОЛБОЛДЫ

▶ ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ДАМУДЫҢ ЖАҢА СТРАТЕГИЯСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы – еліміздің алдағы даму бағытын айқындап, қоғамның негізгі мақсат-міндеттерін саралайтын маңызды саяси құжат. Онда ел экономикасын өркендету, халықтың әл-ауқатын арттыру, білім мен ғылымды дамыту, цифрландыру үдерісін жеделдету және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту секілді өзекті мәселелер қамтылады.

Бүгінде әлемде саяси-экономикалық өзгерістер қарқынды жүріп жатыр. Мұндай жағдайда мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканы әртараптандыру, жаңа технологияларды өндіріске енгізу және адами капиталды дамыту айрықша маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда Мемлекет басшысының Жолдауында көтерілген бастамалар еліміздің тұрақты дамуына жол ашып, болашаққа бағдар беретін стратегиялық қадамдар саналады.

Экономиканы нығайту, өндірісті өркендету, шағын және орта бизнесті қолдау, инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу халықтың тұрмыс сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім беру сапасын көтеру, ғылымды дамыту, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану және әлеуметтік саланы жетілдіру де ел дамуының маңызды бағыттары болып саналады. Бұл міндеттерді жүйелі жүзеге асыру еліміздің экономикалық әлеуетін арттырып қана қоймай, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға да ықпал етеді.

«Жолдау – дамудың жаңа стратегиясы» деген ұғымның мәні – елдің бүгінгі мүмкіндіктерін бағамдап, болашақтағы мақсаттарын айқындауында. Президент белгілеген міндеттер нақты іспен ұштасқанда ғана нәтижесін береді. Сондықтан Жолдаудағы басым бағыттарды жүзеге асыруға мемлекеттік органдармен бірге қоғам мүшелері де белсенді атсалысуы қажет. Бірлігі бекем, мақсаты айқын, еңбегі өнімді елдің келешегі кемел болмақ.

Венера ТАСТАМБАЕВА,
Ш.Уәлиханов атындағы
әмбебап ғылыми кітапханасы
«Абонемент қамтамасыз ету»
секторының меңгерушісі

www.z-taraz.kz | Жамбыл-Тараз қоғамдық-саяси газеті | jambyltaraz1996@gmail.com | jambyltaraz_channel

▶ ИМАН НҰРЫ

ДІНИ АҚПАРАТТЫ САРАЛАУ – САУАТТЫЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ

Қазіргі қоғамда діни ақпаратқа деген сұраныс жыл санап артып келеді. Әсіресе интернет пен әлеуметтік желілердің дамуы дін туралы мәліметті бұрынғыдан да қолжетімді етті. Бірнеше секунд ішінде кез келген адам діни уағызды тыңдап, мақала оқып, сұраққа жауап таба алады. Бұл – діни сауаттылықты арттыру үшін үлкен мүмкіндік.

Алайда ақпараттың қолжетімді болуы оның барлығы дұрыс дегенді білдірмейді. Бүгінде әлеуметтік желілерде діни мазмұндағы сан алуан ақпарат кездеседі. Бірі адамды білімге, ізгілікке, сабырлыққа шақырса, енді бірі діни ұғымдарды үстірт түсіндіріп, қоғамда түсініспеушілік туғызуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі қоғам үшін маңызды мәселелердің бірі – дін туралы ақпаратты дұрыс қабылдау және оны сауатты жеткізу мәдениетін қалыптастыру.

ДІНИ АҚПАРАТТЫҢ КӨПТІГІ – ДІНИ БІЛІМНІҢ КЕПІЛІ ЕМЕС

Бүгінде әлеуметтік желі қолданушысы діни тақырыптағы жүздеген бейнероликті көріп, ондаған уағыз тыңдауы мүмкін. Бірақ бірнеше видео көру арқылы адам белгілі бір діни мәселенің маманы болып кетпейді. Дін – тек жекелеген үкімдер мен діни терминдердің жиынтығы емес. Оның өзіндік ғылыми әдістемесі, тарихы, қалыптасқан дәстүрі және түсіндіру жүйесі бар. Сондықтан қандай да бір діни мәселені дұрыс түсіну үшін оның мәнін контекстен бөліп қарамай, сенімді дереккөздерге сүйену қажет. Кей жағдайда әлеуметтік желіде діни мәтіннің бір ғана бөлігі алынып, оның алдында немесе кейін айтылған ойлар ескерілмейді. Нәтижесінде бастапқы мағынасы өзгеріп, көрерменге мүлде басқа түсінік қалыптасуы мүмкін. Сондықтан діни ақпаратты қабылдағанда, ең алдымен, «Бұл ақпаратты кім айтып отыр?», «Ол қандай дерекке сүйенеді?», «Бұл пікірдің ғылыми негізі бар ма?», «Басқа білікті мамандар бұл мәселені қалай түсіндіреді?» деген сұрақтарға жауап іздеген жөн. Діни сауаттылықтың бір белгісі – бәріне бірдей сене беру емес, ақпаратты саралай білу.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ДІНИ КОНТЕНТКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАЖЕТ

Қазіргі таңда әлеуметтік желі тек ақпарат алу құралы ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастыратын маңызды ортаға айналды. Бір адамның жазбасы немесе бейнеролигі қысқа уақыт ішінде мыңдаған адамға таралуы мүмкін. Осыған байланысты діни тақырыпта контент жасайтын азаматтардың жауапкершілігі де арта түседі. Себебі дін мәселесінде айтылған әрбір сөз белгілі бір адамның дүниетанымына әсер етуі ықтимал. Әсіресе эмоцияға құрылған діни насихатқа сақтықпен қараған жөн. Қорқыныш, ашу, кінә сезімі немесе қоғамға деген наразылықты күшейту арқылы аудитория жинау оңай болуы мүмкін. Бірақ мұндай тәсіл діни білім беруден гөрі адамның эмоциясына ықпал етуге жақын.

Шынайы діни насихат адамның сезіміне әсер етумен ғана шектелмеуі керек. Ол білімге, ойлануға және ізгілікке жетелеуге тиіс. Дін мәселесінде қатты сөйлеу немесе өз пікірін өзгелерден жоғары қою – білімнің белгісі емес. Керісінше күрделі мәселені қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізе білу, өзге пікірге құрметпен қарау және дәлелге сүйену – діни мәдениеттің көрінісі.

«МЕНІҢ ПІКІРІМ ҒАНА ДҰРЫС» ДЕГЕН ҰСТАНЫМ ҚАУІПТІ

Қоғамда кез келген мәселе бойынша әртүрлі пікірдің болуы заңды. Діни мәселелерде де ғалымдар арасында белгілі бір мәселеге қатысты түрлі көзқарастар кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайда пікір алуандығын түсінудің орнына, тек өзінің көзқарасын абсолютті ақиқат ретінде көрсету қоғамдағы түсініспеушілікке себеп болуы ықтимал. Әсіресе әлеуметтік желіде «тек мен айтқан пікір дұрыс», «басқалардың барлығы адасқан» деген мазмұндағы кесімді сөздер кездеседі. Мұндай тәсіл адамның сыни ойлау қабілетін әлсіретіп, діни мәселелерге біржақты қарауына әкелуі мүмкін. Діни білімнің мақсаты – адамға өзгелерді айыптауды үйрету емес, өз жауапкершілігін түсіндіру. Сондықтан діни пікірталаста қарсы адамның жеке басына тиісудің орнына айтылған ойдың дәлелін талдаған дұрыс. Яғни, мәселені тұлғамен емес, идеямен талқылау мәдениетін қалыптастыру қажет. Бұл, әсіресе, жастар үшін маңызды. Өйткені жас адамның дүниетанымы қалыптасу кезеңінде әртүрлі ақпараттың ықпалына тез түсуі мүмкін.

ЖАСТАРҒА ТЫЙЫМНАН БҰРЫН ТҮСІНДІРУ КЕРЕК

Жастардың интернетті қолдануын толығымен шектеу мүмкін емес және бұл тиімді шешім де емес. Себебі цифрлық технология қазіргі өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Сондықтан басты міндет – жастарды интернеттен алыстату емес, интернеттегі ақпаратты дұрыс пайдалануға үйрету. Жас адам күмәнді діни ақпаратқа кезіккенде оны бірден бөліспей, алдымен тексеруді әдетке айналдыруы қажет. Ақпараттың авторын, дереккөзін, жарияланған уақытын және негізгі мақсатын анықтау – қарапайым, бірақ маңызды қадамдар. Мәселен, әлеуметтік желідегі белгілі бір адамның жазылушысы көп болуы оның діни мәселелер бойынша білікті маман екенін білдірмейді. Бейнероликтің көп қаралым жинауы да оның мазмұны дұрыс деген сөз емес. Қазіргі қоғамға ақпаратты көп білетін адамнан гөрі, ақпараттың дұрысы мен бұрысын ажырата алатын адам қажет.

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ҚАТАР ЖҮРУГЕ ТИІС

Бүгінде діни сауаттылықты медиасауаттылықтан бөлек қарастыру қиын. Себебі азаматтардың діни тақырыптағы ақпаратты қабылдайтын негізгі арналарының бірі – интернет. Медиасауатты адам ақпараттың эмоциялық тұрғыдан қалай ұсынылғанына назар аударады. Ол біржақты мәліметке бірден сенбейді, басқа дереккөздермен салыстырады және ақпараттың қандай мақсатта таратылғанын түсінуге тырысады. Бұл дағды діни салада ерекше маңызды. Мысалы, қандай да бір діни мәселе туралы бейнероликте қоғамның белгілі бір бөлігін кемсіту, адамдарды «біз» және «олар» деп бөлу, заңды немесе қоғамдық тәртіпті жоққа шығару, өзге пікірдегі азаматтарға өшпенділік қалыптастыру байқалса, мұндай контентке сыни көзқараспен қарау қажет. Дін адамды жақсылыққа, жауапкершілікке және адамгершілікке тәрбиелеуі тиіс. Сондықтан діни мазмұндағы ақпараттың адамға және қоғамға әсері де ескерілуі керек.

ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ

Қазақ халқының рухани дүниесінде дін мен адамгершілік ұғымдары өзара сабақтасып отырған. Үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, көршімен тату болу, мұқтажға қолдау көрсету, елдің бірлігін сақтау сияқты құндылықтар халқымыздың дәстүрлі дүниетанымында ерекше орын алған. Діни сауаттылықты қалыптастыру кезінде осы құндылықтарды да ескерген жөн. Өйткені дінді тек тыйымдар мен міндеттерден тұратын жүйе ретінде қабылдау оның тәрбиелік мазмұнын толық ашпайды. Діннің адам мінезін қалыптастырудағы орны да маңызды. Көркем мінез, сабыр, кешірім, адалдық, аманатқа беріктік, ата-анаға құрмет – адамның күнделікті өмірінен көрінетін құндылықтар. Сондықтан діни білім адамның мінез-құлқынан байқалуы керек. Адамның қанша діни ақпарат білетіні ғана емес, сол білімді өмірінде қалай қолданатыны маңызды.

ТЕОЛОГТЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ МІНДЕТІ

Қазіргі кезеңде теолог мамандардың жұмысы тек діни терминдерді түсіндірумен шектелмейді. Қоғамдағы діни үдерістерді бақылау, азаматтардың сұрақтарына түсінікті жауап беру, жастар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және күмәнді діни ақпараттың алдын алу да – маңызды міндеттердің бірі. Теолог халық пен діни ақпарат арасындағы түсіндіруші көпір болуы керек. Бұл ретте маманның сөзі қарапайым әрі түсінікті болғаны маңызды. Себебі күрделі діни терминдерге толы түсіндірме көп жағдайда қарапайым азаматқа қажетті жауапты бере алмайды. Сондықтан қазіргі теолог тек діни білімді ғана емес, қоғамның сұранысын, жастардың ақпаратты қабылдау ерекшелігін және әлеуметтік желінің жұмыс істеу принциптерін де түсінуі қажет.

Қорыта айтқанда, дін – адамның рухани дүниесіне әсер ететін маңызды құндылық. Сондықтан оны түсіндіруде де, насихаттауда да үлкен жауапкершілік қажет. Бүгінгі ақпараттық заманда діни білімге қолжетімділік артқанымен, жалған және бұрмаланған ақпараттың таралу мүмкіндігі де көбейді. Мұндай жағдайда қоғам мүшелерінің діни сауаттылығы мен медиасауаттылығын қатар арттыру маңызды. Әр азамат кез келген діни ақпаратты қабылдамас бұрын оның дереккөзіне назар аударып, айтылған пікірдің ғылыми негізін тексеріп, қажет болған жағдайда білікті мамандардың түсіндірмесіне жүгінгені жөн. Дін насихаты адамның қорқынышын күшейтуге немесе қоғамды бөлуге емес, оның білімін арттыруға, ойлануына және жақсы амал жасауына бағытталуы тиіс. Өйткені дін туралы көп сөйлеу – діни сауаттылықтың өлшемі емес. Діни білімнің шынайы нәтижесі адамның көркем мінезінен, қоғамға деген жауапкершілігінен және өзгеге құрметінен көрінеді.

Н.ҚАДЕСОВ,
дінтанушы

▶ ХАБАРЛАНДЫРУ

Тараз қаласы тұрғындарының назарына!

Қазақстан Республикасы Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының (БМЖМК) ақпараттық жүйесіндегі жер учаскелерін алу үшін кезекте тұрған азаматтардың тізілімінде бірқатар азаматтың кезектегі жазбаларының мәртебесі «Нақтылау қажет» деп көрсетілген.

Осыған байланысты, кезекте тұрған және жазбасының мәртебесі «Нақтылау қажет» деп көрсетілген азаматтардан өз кезегіндегі мәліметтерді өзектендіру рәсімінен өтуін сұраймыз.

Жүргізіліп жатқан өзектендіру жұмыстарының негізгі мақсаты – жер учаскесін алуға кезекте тұрған азаматтардың қажетті мәліметтерін нақтылау және оларды Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының (БМЖМК) ақпараттық жүйесіне енгізу арқылы кезектегі деректердің толықтығы мен өзектілігін қамтамасыз ету.

Осыған байланысты, азаматтардың өзектендіру рәсімінен өтуі Тараз қаласының аумағында жер учаскелерін беру процесінің басталғанын білдірмейді, сондай-ақ аталған рәсім жер учаскесін беруге негіз болып саналмайды. Бұл рәсім, ең алдымен, кезекте тұрған азаматтар туралы қажетті мәліметтерді нақтылап, оларды Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының (БМЖМК) ақпараттық жүйесінде тиісті түрде қалыптастыру мақсатымен жүргізіледі.

ДЕРЕКТЕРДІ ӨЗЕКТЕНДІРУ ТӘРТІБІ

Кезекте тұрған азаматтар деректерін өзектендіру үшін «Электрондық үкімет» (eGov) веб-порталы арқылы электрондық өтініш беруі қажет.

Өтініш беру барысында жер учаскесін алуға кезекке қойылғаны туралы талонды немесе кезекке қою туралы өтінішті электрондық түрде тіркеу қажет. Өтініш келіп түскеннен кейін Тараз қаласының жер қатынастары бөлімі тарапынан азаматтың жеке деректері мен кезектегі мәліметтері бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, жеке тұрғын үй құрылысына (ЖТҚ) арналған жер учаскесін алу кезегіндегі деректер өзектендіріледі.

eGov порталы арқылы өтініш беру жолы:

1. eGov.kz порталына кіріп, электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы авторизациядан өтіңіз.
2. «Қызметтер» бөліміне өтіңіз.
3. «Жылжымайтын мүлік» бөлімін таңдаңыз.
4. «Жер қатынастары» бағытына өтіңіз.
5. «ЖТҚ-ға арналған жер учаскесіне (10 сотық) кезекке қарау немесе кезекке қою» қызметін таңдаңыз.
6. «Қызметке тапсырыс беру» батырмасын басыңыз.
7. «Бұрын берілген өтініштің деректерін өзектендіру» қызметін таңдаңыз.
8. Облыс – Жамбыл облысы, қала – Тараз қаласы деп көрсетіңіз.
9. Кезекке қойылған кездегі мәліметтеріңізге сәйкес кезек нөміріңізді және жеке деректеріңізді енгізіңіз.
10. Кезекке қойылғаны туралы талонды немесе кезекке қою туралы өтінішті тіркеңіз.
11. Өтінішті ЭЦҚ арқылы қол қойып, жіберіңіз.

Өтініш берген күннен бастап 12 жұмыс күні өткеннен кейін азаматтарға Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөліміне келіп, деректердің өзектендірілгенін растау қажет.

Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі

www.z-taraz.kz | Жамбыл-Тараз қоғамдық-саяси газеті | jambyltaraz1996@gmail.com | jambyltaraz_channel

▶ БӘРЕКЕЛДІ!

Би әлеміндегі биік белес

Үш бас жүлде – ұстаздың қажырлы еңбегінің жемісі

Өнер – жүректен шығып, жүрекке жететін ерекше әлем. Ал сол әлемге бүлдіршіндердің алғашқы қадамын бастырып, бойларындағы қабілетті ашып, үлкен сахнаға жетелеу – үлкен жауапкершілік пен ерекше жанашырлықты қажет етеді. Осындай еңбектің жарқын нәтижесін Тараз қаласындағы «Дара жол» бастауыш мектеп-гимназиясы мен «Абай» бөбекжай-балабақшасының жас бишілері тағы бір мәрте дәлелдеді.

Жас өнерпаздар «Жас талант» халықаралық өнер байқауында жоғары деңгейде өнер көрсетіп, үш бірдей бас жүлдені жеңіп алды. Бұл жеңіс – бүлдіршіндер мен оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігі мен талпынысының, олардың өнер жолындағы алғашқы қадамдарына бағыт-бағдар беріп жүрген ұстаздың қажырлы еңбегі мен ата-аналардың қолдауының жемісі.

Атап айтқанда, «Абай» бөбекжай-балабақшасының бүлдіршіндері қазақтың ұлттық өнерін ұлықтайтын «Қамажай» биін нақышына келтіре орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, бас жүлдеге ие болды. Ал «Дара жол» бастауыш мектеп-гимназиясының 1-сынып оқушылары «Шашу» биімен, 2-сынып оқушылары «Құстар» биімен сахна төрінде өз өнерлерін паш етіп, қос топ та бас жүлдені қанжығалады.

Сахнада жарқырап жүрген әрбір баланың артында көзге көрініе бермейтін үлкен еңбек жатыр. Жүйелі дайындық, үйренген әр қимыл, сахнаға шығар алдындағы толқу, жеңіске деген үміт – мұның барлығы балалар үшін үлкен өмірлік тәжірибе. Олар бұл байқауда жүлде алып қана қоймай, өзіне сенуді, көпшілік алдында өнер көрсетуді, бір-біріне қолдау білдіруді үйренді. Жас бишілер сахна мәдениетін, ұйымшылдығы мен шығармашылық қабілеттерін де көрсете білді. Әсіресе қазақтың ұлттық би өнерін жас ұрпақтың бойына сіңіріп, олардың бойында ұлттық құндылықтарға деген құрметті қалыптастырудың маңызы зор.

Бұл жетістікте би жетекшісі Гүлдана Жанболатқызының еңбегі айрықша. Шәкірттерінің әрқайсысына ерекше көңіл бөліп, олардың бойындағы табиғи қабілетті танып, оны өнер арқылы шыңдап жүрген ұстаздың еңбегі зор құрметке лайық.

Балаға би үйрету – тек әуен ырғағымен қимылдауды меңгерту емес, баланың бойына сенім ұялату, сахнадан қорықпауға үйрету, әсемдік пен үйлесімділікті сезіндіру, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Гүлдана Жанболатқызы осы міндетті үлкен жауапкершілікпен атқарып келеді. Оның әр дайындыққа деген ұқыптылығы, балаларға деген мейірімі, шыдамдылығы мен өз ісіне деген адалдығы шәкірттерінің бүгінгі жетістігінен анық байқалады.

Кейде бір баланың сахнаға сенімді шығуының өзі – ұстаз үшін үлкен жеңіс. Ал бірнеше топты қатар дайындап, әрқайсысының өнерін шыңдап, бір байқаудан үш бас жүлдемен оралуы – ұстаз еңбегінің жүйелілігі мен кәсіби шеберлігінің айқын дәлелі. Бұл – бір күндік дайындықтың нәтижесі емес, табандылық пен төзімділікті, ізденіс пен шынайы жаңашырлықты талап ететін ұзақ еңбектің жемісі.

Ата-ана ретінде біз үшін балаларымыздың қуаныштан жүздері балбұл жайнап, сахна төрінде жарқырап тұрғанын көру – баға жетпес бақыт. Олардың әр жетістігінің артында ұстазының өлшеусіз еңбегі тұрғанын жақсы түсінеміз. Сондықтан Гүлдана Жанболатқызына айтар алғысымыз шексіз!

Қыздарымыздың бойындағы өнерге деген қызығушылықты оятып, әрқайсысының қабілетін ашып, кішкентай жетістігінің өзіне қуанып, үлкен сахнаға жетелеп жүргеніңіз үшін алғыс білдіреміз! Балаларымызға уақыт бөліп, олардың әрқайсысына сенім артып, кішкентай жүректерге үлкен арман сыйлап жүргеніңіз – нағыз ұстазға тән қасиет. Сіз шәкірттеріңізге би қимылдарын ғана емес, алға ұмтылуды, еңбектенуді, жеңіске сенуді де үйретіп келесіз.

Бүгін балалар сахна төрінде жеңімпаз атанса, оның артында сіздің маңдай теріңіз, табандылығыңыз бен өнерге деген шексіз сүйіспеншілігіңіз тұр. Шәкірттеріңіздің әрбір жеңісі – сіздің де жеңісіңіз! Осындай сәттерде ұстаз еңбегінің ақталғанын, төгілген тердің еш кетпегенін сезінесіз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңіздің биіктен көріне беруіне тілектеспіз. Ұстаздық жолыңыз абыройға, шығармашылық белестеріңіз толағай табысқа толы болғай!

Жансая БАЗАРБАЕВА,
ата-ана

▶ ЖАС ДАРЫН

Күні кеше Тараз қаласында жас дарындардың басын қосқан «Жас талант» халықаралық өнер-білім байқауы өтті. Өнер мен шығармашылықты ұштастырған бұл бәсеке жас таланттарға өз қабілеттерін танытып, үлкен сахнада өнер көрсетуге мүмкіндік берді.

ШӘКІРТ ЖЕҢІСІ – ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

Өнерлі өрендердің олжасы мол

Аталған байқауға «Дара жол» бастауыш мектеп-гимназиясының вокал және фортепиано пәндерінің мұғалімі ретінде 10 шәкіртімді бастап апардым. Олардың жоғары деңгейдегі дарындар додасында бақ сынауы мен үшін үлкен жауапкершілік әрі қуаныш болды. Ең бастысы, он шәкіртімнің барлығы жүлделі орындарға ие болып, мерейімді үстем етті.

Атап айтқанда, вокал бағыты бойынша Олжас Мейіркұл (3 «А» сыныбы), Аяла Ғаниқызы (3 «А» сыныбы) бас жүлдені иеленді. Алдияр Рахымжан (4 «Б» сыныбы), Жасмин Бақыт (1 «В» сыныбы), Айлин Ахан (4 «А» сыныбы) және Хафиза Карим (3 «В» сыныбы) бірінші орынға қол жеткізді. Ал Айтмұхаммед Искандарбек (1 «А» сыныбы) екінші орыннан көрінді.

Фортепиано бағыты бойынша Жасмин Нұржан (2 «А» сыныбы) бас жүлдені қанжығасына байласа, Нұрай Бақытқызы (4 «А» сыныбы) мен Айзере Жанат (2 «Ә» сыныбы) бірінші орынға ие болды.

Осылайша шәкірттерім байқаудан үш бас жүлде, алты бірінші орын және бір екінші орын алып оралды. Бұл – тынымсыз дайындықтың, табандылықтың, ізденістің және өнерге деген сүйіспеншіліктің нәтижесі.

Байқау мен үшін де ерекше қуанышты сәттерге толы болды. Шәкірттерімнің жоғары нәтиже көрсетуімен қатар, «Жас талант» өнер-білім байқауының өтуіне қосқан үлесім және шәкірттерімнің жетістіктері үшін «Үздік жетекші» дипломымен марапатталдым. Бұл марапатты ұстаздық еңбегіме берілген баға әрі алдағы шығармашылық жолыма шабыт сыйлайтын жетістік деп қабылдадым.

Ұстаз үшін шәкіртінің жеңісінен асқан қуаныш жоқ. Әр баланың сахнаға шығуы, қобалжуын жеңіп, өз өнерін көрсетуі – үлкен еңбек пен батылдықтың белгісі. Олардың әр жетістігі – мен үшін мақтаныш. Өйткені жеңістің артында талай дайындық, қайталау, ізденіс пен төгілген тер жатыр.

Осы орайда байқауға қатысып, өнерлерін ортаға салған барлық шәкіртімді шын жүректен құттықтаймын! Сондай-ақ балаларының өнерге деген қызығушылығын қолдап, әрдайым жанынан табылатын ата-аналарға ерекше алғысымды білдіремін. Жас таланттардың талабына қанат бітіріп, осындай өнер додасын ұйымдастырған байқау ұйымдастырушыларына да ризашылығымды жеткіземін.

Өнер жолы – үздіксіз ізденіс пен еңбекті талап ететін жол. Бүгінгі жеңістеріміз ертеңгі үлкен жетістіктерге бастайтын баспалдақ болсын! Шәкірттерімнің өнері өрге жүзіп, жұлдыздары жарқырай берсін!

Балғаным ИБРАЕВА,
«Дара жол» бастауыш мектеп-гимназиясы вокал және фортепиано пәндерінің мұғалімі

МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз» газетінің редакциясы» ЖШС
Бас директор – АЙМАН ТЛЕУКЕЕВА
Қабылдау бөлмесі: 45-62-65
Бас редактор – САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың орынбасары: Мұратхан ӘЛІМХАН
Жауапты хатшы: Құрбанәлі ШАХАБАЙ
Тілшілер: Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ, Арайлым ШАБДЕНОВА, Анель ТОТАНБАЕВА, Дариха ҮМБЕТИЯРОВА
Дизайнер: Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ
Тілшілер: 54-66-64
Жарнама менеджері: Жансая БАЗАРБАЕВА
Нөмірдің кезекшісі: Арайлым ШАБДЕНОВА

SMM БӨЛІМІ
Контент-редакторлар: Жаннұр МУХАНОВА, Ақбота НҰРСЕЙІТҚЫЗЫ
Фото-видео монтажер: Нұрлан БЕКТҰРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы емес. Қолжазбалар әдеби тұрғыда өңделеді және авторға қайтарылмайды.
Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен хабарландыру үшін тапсырыс иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz» газетінің материалдарын көшіріп басу үшін редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз:
Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»
e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com
Жалпы тиражы: 11 048
Тапсырыс: 730
Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №KZ87VPY00060446 куәлік 2022 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген.
Жазылу индексі: 65605
Газет «ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ ӘЛЕМІ» ЖШС-де басылды.
Тараз қ., Төле би, 36 «Б»

Газет мекенжайыңызға уақытылы келмесе, мына телефондарға хабарласыңыз:
8 771 088 60 44
8 705 789 70 74